директоры:

А.Ж. Достанова

2022 жыл

# Шахмат үйірмесінің жылдық жоспары

Үірме атауы: «Ақ ладья»

Сыныптар: 5-10

Үйірме жетекшісі: Шаудыров Санибек Абсаматович

Жылдық сағат саны: 34

Апталық сағат саны: 1

2022-2023 оқу жылы

**Түсінік хат**

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Астанада өткен тез шахмат пен блиц чемпионатының ашылу салтанатында «Шахмат адамдарды тез ойлатады, шешім қабылдатады және қадам жасатады. Мен бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген балаларының спорттың осы түрімен айналысатынына қуаныштымын» деген болатын.

Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сағаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет.

Шахмат ойыны – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибиені қалыптастыруға арналған жағдайлар негізіндегі іс-әрекет-тің бір түрі.

Сондықтан, адам баласының дүниетанымы кеңейеді, сөздік қоры, ойлау қабілеті дамиды, білім сауаттылығы көптеген оқу қызметеріне көп септігін тигізеді. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

**Бағдарламаның тиімділігі** –уақыт талабымен сәйкес. Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Оқу қызметінен тыс білім беру жүйесінде шахматты үйрету жүйесі балалардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Шахмат фигураларының жүрістері. Корольдің жүрісі | Фигуралардың, Корольдің жүріс ережесімен таныстыру. | 1 | 24.04.23 |
| 17 | Шах беру | «Ғажайып» дорба арқылы үйрету. | 1 | 02.05.23 |
| 18 | Пат және тең ойын | « Пат» сөзімен таныстыру. Қарсыласқа шах және матты дұрыс қоюға, қалай қашуға болатынын түсіндіру. | 1 | 15.05.23 |
| 19 | Қорытынды. Ойын «Шахмат» үйшігі | Балалардың жетістіктерін марапаттау | 1 | 22.05.23 |

## «Шахмат» үйірмесінің мақсаты:

Шахмат ойынының тарихы туралы түсінік беру.Ойын кезіндегі тәртіппен,ережесімен таныстыру. Тәрбиеленушілердің логикалық ойлау қабілетін дамыту, есте сақтау, салыстыру, танымдық ой-өрісін жетілдіру. шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

**Үйірменің тәрбиелік мәні**:

§ Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру; ·

§ Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;

§ Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.

Бұл бағдарламаны игеру барысында тәрбиеленушілердің шахматты игеруімен қатар, ой-өрісі қалыптасады.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Тұраның (ладья) жүрісі | Тұраның жүру жолдарымен таныстыру Жолындағы фигураларды қалай жейтінін түсіндіру. | 2 | 26.12.22<br>09.01.23 |
| 9 | Уәзірдің (ферзінің) жүрісі | Уәзірдің жүру жолдарымен таныстыру. | 2 | 16.01.23<br>23.01.23 |
| 10 | Шахмат тақтасы | Шахмат тақтасының құрылымымен таныстыру. | 2 | 30.01.23<br>06.02.23 |
| 11 | Пілдің жүрісі | Пілдің жүрісімен таныстыру. | 2 | 13.02.23<br>20.02.23 |
| 12 | Пешканың жүрісі | Пешканың жүру жолындағы фигураларды қалай жейтінін түсіндуіру. | 2 | 27.02.23<br>06.03.23 |
| 13 | Ойын басындағы тастардың бастапқы жайғасымы, орналастыру тәртібі. | Әр фигуралардың маңыздылығы, өз реттілігі туралы түсінік беру. | 2 | 13.03.23<br>20.03.23 |
| 14 | Шахмат фигураларының дұрыс атауы. | Шахмат фигураларының аталарын дұрыс айтуға үйрету. Тілдерін жаттықтыру. | 2 | 27.03.23<br>03.04.23 |
| 15 | Пешканың өзі түстес фигураға айналуы. | Пешканың өзі түстес фигураға айналу ережесімен таныстыру. | 2 | 10.04.23<br>17.04.23 |

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. «Тек кішкентайларға арналған шахмат» И.Г.Сухин

2. «Үйренушілерге арналған шахмат оқулығы» Д.Притчард

3. «Ең ақылды балаларға арналған шахмат жазбалары»И.О.Киров

4. Таңдаулы тапсырмалар жинағы» А.В.Селиванов

Шахмат үйірмесінің жылдық жоспары 34 сағат

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шахмат туралы түсінік | Балаларға шахмат туралы қысқаша түсінік беру,ережелерімен таныстыру. | 2 | 05.09.22<br>12.09.22 |
| 2 | Шахмат ойыны туралы аңыз | Балаларға шахмат туралы аңызды айта отыра, шахматтың құрылымымен таныстыру. | 2 | 19.09.22<br>26.09.22 |
| 3 | Шахмат ойынының тарихы | Балаларды жүйелі, логикалық ойлауын қалыптастыру. | 2 | 03.10.22<br>10.10.22 |
| 4 | Әлем, Қазақстан чемпиондары | Қазақстанның чемпиондары секілді болуға баулу. | 2 | 17.10.22<br>24.10.22 |
| 5 | Шахмат ойынының мақсаты | Балалардың шығармашылық дәрежесін , сөздік, ойлау қабілеттерін дамыту. | 2 | 31.10.22<br>07.11.22 |
| 6 | Ойын ережесі | Әр пешканы өз орнына, ержесіне сай орындау. | 2 | 14.11.22<br>28.11.22 |
| 7 | Аттың жүрісі | Аттың жүрісімен таныстыру. Шахматқа деген қызығушылығын арттыру. | 2 | 05.12.22<br>12.12.22 |